

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 27 қаңтар 2020 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылдың 12 айындағы өндірістік қызмет қорытындылары туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша жеке мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау және ауыстырып құюдың жалпы көлемі 2019 жылдың қорытындылары бойынша 44 млн 463 мың тоннаны құрады (2018 жылмен салыстырғанда 846 мың тоннаға аз). «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚ жүйесі бойынша жеке мұнай жүк айналымы 37 млрд 657 млн тонна*км құрады (ол 2018 жылғы деңгейден 382 млн тонна*км аз).

Шоғырландырылған мұнайдың жүк айналымы 45 млрд 580 млн тонна*км құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 539 млн тонна*км аз.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарына 16 млн 883 мың тонн мұнай жеткізілді (бұл 734 мың тоннаға көп), соның ішінде:

- АМӨЗ-ге - 5 млн 296 мың тонна (бұл 59 мың тоннаға көп),
- ПҚОП-қа - 5 млн 391 мың тонна (бұл 633 мың тоннаға көп),
- ПМХЗ-ге – 5 млн 298 мың тонна (бұл 36 мың тоннаға аз),
- Битум зауытына – 897 мың тонна (бұл 78 мың тоннаға көп).

«Өзен-Атырау-Самара» магистралды мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесі бойынша бойынша мұнай тасымалың көлемі 14 млн 328 мың тоннаны құрады (429 мың тоннаға аз).

«Атасу-Алашаңқай» мұнай құбырына мұнайды ауыстырып құю көлемі 10 млн 846 мың тоннаны құрады (526 мың тоннаға кеміді).

«ҚазТрансОйл» АҚ қуатын пайдаланып Ақтау кемежайында танкерлерге мұнай құю 2 млн 20 мың тонна құрады (18 мың тоннаға көп).

КҚТ-К магистралды мұнай құбыры жүйесіне мұнайды ауыстырып құю көлемі 1 млн 770 мың тоннаны құрады (373 мың тоннаға кеміді).

ТОН-2 мұнай құбырының Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан учаскесі бойынша мұнай тасымалының көлемі 11 млн 3 мың тоннаны құрады (бұл 1 мың тоннаға көп).

Қазақстанның Атырау мен Маңғыстау облыстарының «Астрахан-Маңғышлақ» су таратқышы арқылы су тұтынушыларына «Магистралды су таратқышы» ЖШС арқылы 28 млн 900 мың текше метр су берілді (171 мың текше метр суға көп).

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 16 млн 200 мың тоннаны құрады (202 мың тоннаға көп). Жүк айналымы 14 млрд 590 млн тонна*км құрады (18 млн тонна*км аз).

«Мұнайтас» ЖШС мұнай құбыры бойынша мұнай тасымалдау көлемі 3 млн. 232 мың тоннаны құрады (645 мың тоннаға аз). Жүк айналымы 1 млрд. 232 млн тонна*км құрады (290 млн тонна*км аз).

«Батуми мұнай терминалы» ЖШС компаниялары мен «Petrotrans LTD» компаниясы бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып құю көлемі 857 мың тоннаны құрады (173 мың тоннаға аз).

Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ